

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы
«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің
2019 ж. «14» 09
№ 1007 бұйрығымен
бекітілді



Бағдарлама
«Адамгершілік әліппесі»
(ересек топ)

Ақтөбе қаласы, 2019 жыл

Бағдарламаның негізі: Лопатина А., Скребцова М., «Начало мудрости. Воспитание нравственных качеств детей», Москва, 2003 г.

Құрастырған: Көшербаева Г.Б., тәрбиеші

№24 «Аққу» МДҰ педагогикалық кеңесі отырысында "Адамгершілік әліппесі" бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«29» тамыз 2019 жыл

«№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК менгерушісі:




Садыкова А.К.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Адамгершілік әліппесі» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

«16» 09 2019 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:



(колы)

Есенжолова Ж.Ж.

(аты-жөні)

№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымының
тәрбиешісі Көшербаеваның Г.Б. құрастырған
«Адамгершілік әліппесі» бағдарламасына

Шығыс № 06/А-242
04.09.19

Пікір

Бағдарлама 5-6 жастағы ересек топтарына арналып жасалынған. Негізгі мақсаты: адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыру, мінездің әлеуметтік құптау стереотиптерін тәрбиелеу. Адамгершілікке тәрбиелеу білімді механикалық жолмен беру арқылы жүзеге аспайды, бұл баланың ішкі әлемінің, түйсігінің нәтижесі. Мейірімділік, адамгершілік, ізеттілік тәрбиесі механикалық жолмен беру арқылы жүзеге аспайды, бұл баланың ішкі әлемінің түйсігінің нәтижесі. Бұл қасиеттердің барлығын мектеп жасынан бастап балаға біртіндеп сіңіре отырып, оның бойында жақсылық, қарапайымдылық, кінәпейілділік, әділдік, адалдық, иыншылдық, ұяттылық сияқты қасиеттерді дамытуға, тәрбиелеуге болады. Сонымен бірге, әр ұйымдастырылған оқу қызметінде мектепке дейінгі балаларды сөйлеу, шығармашылық ойлау және елестету, қиялдау тәрізді танымдық үдерістерін дамытуға үлес қосалы. Осы тәжірибені ұйымдастырылған оқу қызметінде балаға жалықтыратын насихат арқылы емес, этикалық ойын, сахналық көріністер, ертегіні талқылау арқылы үйрету қажет. Осы жағдайларды өзінің жанынан өткізу, біреудің басынан кешкенін өзінікіндей сезіну үшін бала сезімінің оянуы, ішкі әлемінің дамуы маңызды. Сезімді тәрбиелеу – демек, баланың өзінің қоғамға пайда тигізген әрекетінен қанағат алуы. Бағдарламаның міндеттері: адамгершілік этикалық нормаларын түсіне білуге, шығармалардың көркемдік мазмұнын сезінуге және оны қабылдай білуге; оқиганын баяндалу ерекшелігін түсінуге; көркем шығарма кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қылықтарын ажырата білуге үйрету. Балаларға бұрыннан таныс шығармалар жөнінде әңгімелесу, балалардың таңдауы бойынша оқу, сахналау, шығарманы не үшін таңдағаны жөнінде әңгімелесу, балаларға түсінікті, әсерлі көңіл-күймен мәнерлеп оқу, атрибуттар қолдану, кейіпкер рөліне ене білуге бағыттау, көркем шығарманың мазмұнын талдау, жинақтау арқылы мақсатына жетуге болады.

«Адамгершілік әліппесі» бағдарламасы ересек топ тәрбиешілеріне қолдануға ұсынылады.

Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
ПҚБАН кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.:

Давлеткалиева Е.С.

Түсінік хат

«Адамгершілік әліппесі» - мектепке дейінгі жастағы балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу бағдарламасы.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында қарапайым адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері: адамгершілік нормалары туралы түсінік беру; оқылған шығармаларының мазмұнын сезінуге, қабылдауға үйрету; балаларды жағымды мен жағымсыз қылықтарды ажырата білуге, өзара және ересектермен тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Бағдарламаны жүргізу барысында авторлық ертегілер мен өлеңдер, оларға арналған сұрақтар, сондай-ақ ойын-жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар мен динамикалық үзілістер өткізіледі. Мейірімділік, адамгершілік, ізеттілік тәрбиесі механикалық жолмен беру арқылы жүзеге аспайды, бұл баланың ішкі әлемінің түйсігінің нәтижесі. Бұл қасиеттердің барлығын мектеп жасынан бастап балаға біртіндеп сіңіре отырып, оның бойында жақсылық, қарапайымдылық, кішіпейілділік, әділдік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық сияқты қасиеттерді дамытуға, тәрбиелеуге болады. Жақсы адамдар, мейірімді адамдар жоғары адамгершілік дамуымен және жоғары адамгершілік ықпалмен танылады. «Балалық шақты балалық шағында көктетіндер» - деген Жан-Жак Руссо. «Адамгершілік әліппесі» бағдарламасында адамгершілік қасиеттерді балаға ойын, әңгіме, ертегі немесе неше түрлі қызықты оқиғалар арқылы жеткізуге талпыныс жасалынған. Бағдарламада алынған әңгімелердің мазмұны қызық, көтерген тақырыбы тың. Мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу бағдарламасында берілген тақырыптарды қайталамай, бала үшін өзгеше бір әлемнің есігін ашады.

Күтілетін нәтиже: балалардың қарапайым адамгершілік қасиеттерінің дамуы, мінез құлық дағдыларын қалыптасуы, қамқорлық сезімдерінің бекітілуі.

«Адамгершілік әліппесі» бағдарламасының тақырыптық жоспары ересек топ жасындағы балаларға арналып, бір оқу жылына 36 сағат құрылды. Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентіне кіргізілді. Аптасына 1 рет жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 15 - 20 мин.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарламалық міндеттері	Сағат саны
1	«Сәлемдесу»	Балаларды сәлемдесе білуге үйрету. Бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, әдептілікке тәрбиелеу.	1
2	«Менің есімім»	Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру. Есімдердің мағыналарына назар аударту. Өзара жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1
3	«Отбасы»	Отбасы құндылығы туралы түсінік беру. Қуанышты көңіл-күй дағдыларын қалыптастыру. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
4	«Балабақша»	Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту, ұжымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	1
5	«Адал дос»	Бір-біріне қамқор болуға үйрету. Адалдық қасиеттерін дамыту. Дос болуға тәрбиелеу.	1
6	«Менің туған күнім»	Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Отбасылық мерекелерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
7	«Менің туыстарым»	Өзара сыйластық ұғымының мәніне түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.	1
8	«Ұқыптылық»	Балаларды берілген әңгімені мұқият тыңдап мазмұнын айта білуге үйрету. Адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың тілін сөйлеу дағдысын дамыту.	1
9	«Алғыс»	Балаларды мәдениеттілік, мінез қылық ережелерін сақтауға үйрету. Сөздік қорын молайту. Кеңпейіл болуға тәрбиелеу.	1
10	«Сыпайлық»	Балалардың әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Оқытылған әңгіменің мазмұнын айта және түсіндіре білуге үйрету. Алған білімдерін іс-әрекетке қолдана білуге үйрету.	1

Нолли

11	«Қонақ жайлылық»	Балаларға «Қонақ жайлық» деген сөздің мағынасын түсіндіруге, балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.	1
12	«Қайырымдылық»	«Қайырымды» ұғымы туралы түсінік беру. Балаларды қайырымды болуға тәрбиелеу. Алған білімдерін іс әрекетте қолдана білуге жаттықтыру.	1
13	«Достық»	Балалардың тілін дамыту, достыққа (немесе дос болуға) тәрбиелеу. Бір-біріне қамқор болуға үйрету. Алған білімдерін іс-әрекетте қолдана білуге жаттықтыру.	1
14	«Қамқорлық»	Балаларға кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру. Қамқорлық сезімдерін бекіту. Тілін дамыту, сөздік қорын молайту.	1
15	«Сұлулық»	Балаларға «Сұлулық» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Оқытылған әңгіменің мазмұнын айта және түсіндіре білуге үйрету. Алған білімдерін іс-әрекетке қолдана білуге үйрету.	1
16	«Сүйіспеншілік»	Балаларды сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Сөйлеу дағдысын дамыту. Ұқыпты болуға баулу.	1
17	«Жауапкершілік»	Бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету. Балаларды жауапкершілік туралы білімдерін бекіту, жауапкершілікке тәрбиелеу.	1
18	«Жүрек үні»	Қамқорлық сезімдерін бекіту. Тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Балаларды адамгершілікке сыйластыққа тәрбиелеу.	1
19	«Еңбексүйгіштік»	Балаларды киімін таза ұстауға ұқыпты болуға баулу. Жақсы қылықтарды әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Сөздік қорын байыту	1
20	«Сыйластық»	Балаларды сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Сөйлеу дағдысын дамыту. Ұқыпты болуға баулу.	1
21	«Ақыл»	Балаларды ақылды болуға, үлкендердің айтқан ақылдарды ұғып алуға үйрету. Ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту.	1
22	«Қиял»	Балаларды қиялдауға үйрету. Ойлау және елестету қабілеттерін дамыту. Өлеңнің мағынасын түсініп, мағынасын түсініп, мазмұнын айта білуге үйрету.	1
23	«Батылдық»	Оқылған әңгіменің мазмұнын айта білуге үйрету. Зейінді болу дағдыларын дамыту. Балаларды батылды болуға тәрбиелеу.	1
24	«Адалдық»	Балаларға «Адалдық» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Шыншыл болуға үйрету. Адалды болуға тәрбиелеу.	1

Т.А.

25	«Жомарттық»	Бір біріне көмектесуге үйрету. Ойлау және елестету қабілеттерін дамыту. Балаларды жомарттыққа тәрбиелеу.	1
26	«Менің сезімдерім»	Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру. Бала бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу.	1
27	«Имандылық»	Иманды болуға үйрету. Имандылық сезімін қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу.	1
28	«Мейірімділік»	Өрқашан бір біріне көмек беруге үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, алған білімдерін іс-әрекетте қолдана білуге жаттықтыру.	1
29	«Патриоттық»	Өз елін, жерін қадірлеуге үйрету. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, отанды құрметтеу сезімдерін дамыту.	1
30	«Қуаныш»	Бақыт, қуаныш құндылықтарының мәнін түсіндіру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету, сыйластыққа тәрбиелеу.	1
31	«Жақсылық»	Үлкендермен, құрбылармен сыйластығын дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. Жақсылыққа жақсылық жасай білуге үйрету.	1
32	«Татулық»	Отбасындағы татулық туралы түсінік беру. Туған үйінде бауырларымен тату болуға үйрету. Сыйластыққа тәрбиелеу.	1
33	«Шыншылдық»	Шыншылдық қасиеті туралы түсінік беру. Бала бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту, адалдыққа тәрбиелеу.	1
34	«Табиғат»	Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру. Танымды қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1
35	«Мейірімді жүрек»	Қамқорлық, кеңпейілділік түсініктерін кеңейту. Балалар бойындағы мейірімділік сезімдерін, жақсы қасиеттерін дамыту. Жан жылуын сыйлайға, сыйластық қарым - қатынасқа тәрбиелеу.	1
36	«Адамгершілік»	Адамгершілік нормаларын қайталау. Жыл бойы алған білімдерін қорытындылау. Жалпыадамзаттық қасиеттерге тәрбиелеу.	1
	Барлығы		36

Т. А.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Лопатина А., Скребцова М., "Начало мудрости. Воспитание нравственных качеств у детей" , Москва, 2003 ж.
2. «Әсемдік әлемі» рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге арналған әдістемелік құрал, Ақтөбе, 2014 ж.
3. Буре Р.С., Година Г.Н., Шатова А.Д., «Воспитание нравственных чувств у старших дошкольников», М: Просвещение, 1989 ж.
4. Дауытова А. К., " Уроки человечности ", Алматы, 2001 ж.
5. Дүкенбаева Г., «Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу», Алматы, 1992 ж.
6. Дауытова А. К., "Методика духовно- нравственного воспитания дошкольников», Алматы, 2001 ж.
7. Космачева М.Н., «Художественная литература ка средство социально- нравственного воспитания детей дошкольного возраста», Молодой ученый, 2017 ж.
8. Лопатина А., Скребцова М., "Мир единства и любви", Москва, 1999 ж.
9. Нысанбаева Ә., «Ой. Ақыл. Адамгершілік.», Алматы, 1994 ж.
- 10.Острофская Л.Ф., «Беседы с родителями о нравственном воспитании дошкольника», М: Просвещение, 1987 ж.
- 11.Стрелкова Л.П., «Влияние художественной литературы на эмоции детей», М: Просвещение, 1985 ж.
12. Хухаева О.В., " Тропинки к своему Я", М: Просвещение, 1989 ж.